

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық қызметті
бақылау комитеті Төрағасының
20_ ж. “_____” _____
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

НАФАЗОЛИН-DF

Саудалық атауы
Нафазолин-DF

Халақаралық патенттелмеген атауы
Нафазолин

Дәрілік түрі
Мұрынға тамызатын дәрі 0,05 %, 0,1% 10 мл

Құрамы
10 мл препараттың құрамында
белсенді зат – нафазолин нитраты – 5 мг немесе 10 мг
қосымша заттар – бор қышқылы, тазартылған су

Сипаттамасы
Мөлдір, түссіз немесе сәл сарғыш түсті сұйықтық.

Фармакотерапиялық тобы
Антиконгестанттар және жергілікті қолданылатын мұрынға арналған басқа да препараттар. Симпатомиметиктер. Нафазолин.
АТХ коды R01AA08

Фармакологиялық қасиеттері
Фармакокинетикасы

Нафазолиннің емдік әсері препаратты тамызғаннан кейін 5 минуттан соң дамиды және 8 сағатқа дейін жалғасады. Нафазолинді жергілікті қолданған кезде жүйелі қан ағысына сіңуі және жүйелі әсер етуі мүмкін.

Фармакодинамикасы

Альфа-адреномиметик. Нафазолин альфа₂-адренорецепторларды тікелей көтермелейтін әсерімен симпатомиметик болып табылады.

Тамыртарылқыш әсеріне байланысты ісіну, гиперемия, экссудация азаяды. Нафозолинді риниттерде мұрын ішіне қолданғанда мұрын арқылы тыныс алуды жеңілдетеді. Мұрынның қосалқы қойнауына ауа енетін өзектерінің ашылуы мен кеңеюіне және евстахиев түтіктерінің босауына ықпал етеді. Бұл сөліністің ағып шығуына ықпал етеді де мұрын шырышында бактериялардың жиналуына жол бермейді.

Қолданылуы

- жедел ринитте
- маусымдық тұмауда
- операциядан кейінгі жоғары тыныс алу жолдарының шырышты қабатының гиперемиясы және ісінуінде
- риноскопияда

Қолдану тәсілі және дозалары

Ересектер мен 15 жастан асқан балаларға 0,1% мұрынға тамызатын дәріні әрбір мұрын қуысына 1-3 тамшыдан күніне 3 рет қолданады.

Беткейлік анестезия кезінде қосымша дәрі ретінде – жергілікті анестетиктің 1 мл-не 2-4 тамшыдан. Емдеу курсы 5-7 күн. Емдеу курсы қайталауды дәрігер тағайындайды.

0,05% мұрынға тамызатын дәрінің қолданылуы:

- 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға - әрбір мұрын қуысына 1-2 тамшыдан күніне 3 рет
- 6 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға - әрбір мұрын қуысына 2 тамшыдан күніне 3 рет.

Емдеу курсы 5-7 күн. Емдеу курсы қайталауды дәрігер тағайындайды.

Жағымсыз әсерлері

- шырышты қабықтың тітіркенуі
- қан қысымының жоғарылауы, тахикардия
- жүрек айнуы, бас ауыруы
- шырышты қабықтың реактивті гиперемиясы
- 1 аптадан асыра қолданған кезде - шырышты қабықтың ісінуі, атрофиялық ринит

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық
- 2 жасқа дейінгі балалар
- артериялық гипертония, тахикардия, айқын атеросклероз
- көздің ауыр аурулары
- гипертиреозидизм
- қант диабеті
- созылмалы ринит
- моноаминоксидаза тежегіштерін бір мезгілде қабылдағанда және оларды қолдану аяқталғаннан кейін 14 күндік мерзім ішінде

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Препарат жергілікті жансыздандыратын дәрілердің сіңуін (беткейлік анестезия жүргізген кезде олардың әсерін ұзартады) баяулатады.

Моноаминоксидаза тежегіштерімен сыйымсыз.

Айрықша нұсқаулар

Нафазолин-DF қан қысымы тұрақсыздығы бар адамдарға қолданған кезде сақ болу керек.

Жүктілік және лактация кезеңі

Препаратты жүктілік пен лактация кезінде ана үшін емдік тиімділігі шаранаға немесе балаға төнетін қауіптен жоғары болған жағдайда ғана қатаң көрсетілімдері бойынша қолдануға болады.

Дәрілік заттың көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препараттың жағымсыз әсерлерін ескере отырып, автокөлікті немесе қауіпті механизмдерді басқарғанда міндетті түрде сақ болу керек.

Артық дозалануы

Симптомдары - дене температурасының төмендеуі, брадикардия, артериялық гипертензия.

Емі – симптоматикалық.

Шығарылу түрі мен қаптамасы

10 мл препараттан алғаш ашылуы бақыланатын қақпақпен тығындалған, пластик тамшылатқыш-құтыларда немесе қалпақшамен тығындалған пластик тамшылатқыш-құтыларда. Құтылар медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге топтық қаптамаға салынады.

Сақтау шарттары

Жарықтан қорғалған жерде, 18°C-ден 25°C-ге дейінгі температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ., Чаплыгин к-сі, 3.

Тіркеу куәлігінің иесі
«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын, дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның мекенжайы

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Чаплыгин к-сі,
3, тел./факс: (727) 253-03-88, эл. мекенжайы: dosfarm@dosfarm.kz